

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Абай» Келес аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша 2-тоқсанда атқарылған түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспары»

Х А Т Т А М А С Ы № 3

Абай ауылы.

«02» 06.2024ж.

Жиналыс төрайымы: Басшы С.С. Исахова

Хатшы: Ж.Б.Жунусов.

Қатысқан қызметкерлер саны: « 35 »

Күн тәртібінде:

«Абай» Келес аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2024 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспарына сай, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығы) ақпараттық түсіндірме жұмысы.

Төрағалық етуші С.Исахова: Осы жиналысты ашық деп жариялап, барлығымызға белгілі елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізіліп отырғанын еске салып, «Сарыағаш облыстық балалар шипа жайы» ШЖҚ МКК-нің 2024 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен таныстыру, сондай-ақ, мекеме ішінде жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында ақпараттық түсіндірме беру үшін мекеменің комплаенс-қызметкері Ж.Б.Жунусов сөз берді.

Мекеменің комплаенс-офицері –Ж.Б.Жунусов:

Құрметті ұжымдастар, өздеріңізге белгілі мекемеізде сыбайлас жемқорлықтың алдын - алу және болдырмау мақсатында 2024 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспары бекітілген.

Аталған жоспарға сәйкес бүгінгі түсіндіру жұмыстарының тақырыбы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 2 ақпандағы №802

санымен бекітілген «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Жарлығының талаптарына ақпараттық түсіндірме жүргізу.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 2 ақпандағы №802 санымен бекітілген «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Жарлығының негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күрес қана емес, оның алғы шарттарын жою үшін назар аударуға, мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуды қамтамасыз етуге, азаматтарының осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруға бағытталған іс-шара болып табылады.

Осыған байланысты, мекемемізде сыбайлас жемқорлықты болдырмау және онымен үнемі күресу бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспары бекітіліп, жұмыстар атқарылуда және де 2024 жылға арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу» үлгілік базалық бағытын іске асыру мақсатында мекемемізде сыбайлас жемқорлық көріністерін шектеуге бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылып келетінін және атқарылған жұмыстар бойынша есеп беріліп, тиісті хаттамалар түзілетінін айтып өтті.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне өзгерістер енгізілгені туралы ескерттіп, жаңа енгізілген баптар бойынша қызметкерлерге толыққанды түсіндірме берді.

Жиналыс соңында күн тәртібіндегі тақырып жан-жақты талқыланып, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрайымы С.Исахова жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



С.С.Исахова.

Б.Жунусов.